

А 2009  
13333 К




СЫРДАРИЯ КИТАПХАНАСЫ

САҚТАҒАН  
ЕСМАХАНҰЛЫ



СЫР САЗЫ







"МӘДЕНИ МҰРА"  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

821.572.122-1

**Редакция алқасы**

---

**Құл-Мұхаммед М. А., төраға**

**Алматов А.**

**Әбдікәрімов Ш.**

**Әлжік О.**

**Бердібаев Р.**

**Досжан Д.**

**Кәрібозұлы Б., жауапты редактор**

**Қасқабасов С.**

**Қоңыратбаев Т.**


**Момынбаев Б.**

**Оразбай И.**

**Рахматулла Ж.**

**Сейсекеева К.**

А 2009/13333к



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

---

КЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ  
КЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

---

САҚТАҒАН  
ЕСМАХАНҰЛЫ



СЫР САЗЫ

ӨЛЕҢДЕР, ПОЭМАЛАР МЕН БАЛЛАДАЛАР

“ФОЛИАНТ” БАСПАСЫ  
АСТАНА-2008

**ББК 84 Қаз 7-5**  
**Е 83**

*Кітап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жанындағы «Халықаралық Қорқыт Ата мұраларын ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінде дайындалып, баспаға университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылды*

**Пікір жазғандар:**

**Б. Кәрібозұлы** – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы;

**Ә. Рахымбекұлы** – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

**Е 83** **Есмаханұлы Сақтаған.**


**Сыр сазы: Өлеңдер, поэмалар мен балладалар.** – Астана: Фолиант, 2008. – 352 б.

**ISBN 9965-35-449-9**

«Сырдария кітапханасының» құрамында беріліп отырған ақын Сақтаған Есмаханұлының «Сыр сазы» атты кітабына енген өлеңдердің, балладалар мен поэмалардың басты тақырыбы – кешегі қанқұйлы Отан соғысы жылдарындағы және одан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңіндегі ел өмірі, ауыл тұрмысы.

Кітапта халық аузындағы аңыздар негізінде жазылған ғибраты мол жырлар да жеткілікті.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.




**ББК 84 Қаз 7-5**


**ISBN 9965-35-449-9**

© Есмаханұлы Сақтаған, 2008

© «Фолиант» баспасы, 2008



# ӨЛЕНДЕР



## ЕЛБАСЫ

... Тазалығын теңей бер кристалға,  
Мың батпандық қуаты –  
Құрыш балға!  
Болашақты барлаған терең оймен,  
Әрбір сөзі – ұлағат ұғысқанға.

Қамал болып арайлы – тыныш таңға,  
Бейбітшілік,  
Бақыт деп ту ұстауда.  
Адамзаттың ертеңі – ойлайтыны,  
Ұнатпайды бояуды қылыш қанға.

Жаны жомарт – дос,  
Қоңсы,  
Туысқанға!  
Мәңгіге бар олармен суыспауға.  
Әр кез дайын ұрпақтың тағдыры үшін,  
Оқ пен отқа кеудесін тік ұстауға!

Қарсы тұрып қиямет,  
Зымыстанға,  
Толсын деп жүр дастархан,  
Уыс нанға.  
Жүрегінің алауын нұр ғып құйып,  
Айналдырмақ Отанын  
Гүлстанға!

## ТАЛАНТТЫҢ ҚЫРАН ҚҰСЫ

(*Ғ. Мүсіреповке*)

Қайраулы қалам ұшымен,  
Көтерген қазақ өнерін.  
Таланттың қыран құсымен,  
Өрде озған жүйрік – өренім!

Ардақтап атын «Ананың»,  
Ағыттың қиял көгенін.  
Ойларын айттың дананың,  
Келтіріп кесте, кемелін.

Ғабиттің тілі – ғажап тіл,  
Таңырқар мақтап деп елің.  
Талғампаз-ау қазақ бұл,  
Шешен ғой, шешен елі оның!

«Оянған өлке» тарихын,  
Шежірем дұрыс дегенім.  
«Ұлпаннан» үлгі ап, даритын,  
Жүзгенмін теңіз тереңін.

«Қыз Жібек пен Төлеген»,  
Жан еді дана, не керім.  
Қозы мен Баян еді ерен,  
Ғашық боп тапқан ер елім.

Талант қып туған тағдыры,  
Қазақтың Ұлы Ғабитын.  
Еңбегі – оның таң нұры,  
Әлем болып танитын.

## ЖАЗЫЛДЫ АТЫ ЖҮРЕККЕ

Деген елміз: ұлды – ұлан,  
Қызды – гүл,  
Ата-баба жоралғысы – ізгі бұл.

Сол гүл – Мәншүк,  
Қалды тарих бетінде,  
Жасап жатқан заманада біз ғұмыр.

Гүл емес – ол,  
Ерлік туы – білгенге,  
Ұлтымызды ұран еткен күллі елге.  
Мәншүгі мен Әлиясын қазақтың,  
Жырлар талай ғасыр,  
Айлар,  
Күндер де.

Кеше – шәкірт,  
Шықса-дағы сыныптан,  
Ел перзенті майдан жайын шын ұққан.  
Қан майданда қас жауымен шайқасып,  
Батыр қыздар  
Ар-намыспен шыныққан!

Дұшпандардан қайтты ақыры кегіміз,  
Ашылды аспан қайғы бұлттан көгіміз.  
Мәншүктердің жазды атын жүрекке,  
Аяулысын ардақ тұтқан еліміз!

Аталуда оның бүгін сексені,  
Қуаныштың байқалмайды шет-шегі.  
Ұлтын сүйген ұлы қызы қазақтың,  
Құшаққа алам: «Жаса, Мәншүк!» деп сені.

## **ШЫҢДА ШЫНАР ШЫН ДОСТЫҚ**

Қашанда да биік шынар шын достық,  
Шын достық деп құшақ аштық, үн қостық.  
Көгімізде сөнбейтұғын Күндей боп,  
Граниттей беки берер бұл достық!

Пайғамбардың заманынан басталған,  
Қанды жұтып достық атты бастаудан.  
Бүгінгіге ұластырдың достықты,  
Елімізде шын жүзеге асты арман!

Ауыр айқас, талай күрес, тартыста,  
Төтеп берді достық-шайқас, тартысқа.  
Бақыт құшты алтын орда – Отаным,  
Шықты бүгін Әлем атты әр тұсқа.

Біздің достық баса бермек әлі өрге,  
Дін дариясы құя бермек бар елге.  
Жұмыр жердің төсіне көз салыңдар,  
Достық алмас қамал бар ма әлемде?!

### **ЖҮРЕГІҢІЗ ӨКІНІШПЕН ӨРТЕНДІ**

Араласқан қуаныш пен қапасы,  
Өмір қандай күрделі еді, апасы?!  
Нұрлы заман, мына ғажап шат күндер,  
Сіздер төккен ащы тердің сапасы.

Кәусарына шомылдырып ала таң,  
Баулымаса шырқап ұшпас балапан.  
Сол сияқты тоң аударып, жер жыртты,  
Сіздегі анау қасиетті алақан.

Жай ұшқыны ұшына еніп қайлаңның,  
Тас та шаптың, не қиынға сайландың.  
Жылап алып, жақсы тілек айттыңыз,  
Жеңісі үшін Ұлы шайқас-майданның!

Асау Сырды бас білдірген өзіңіз,  
Табанға тас тілдірген де өзіңіз.  
Жасытпаған төзім менен сезімді,  
Қандай ғажап сол бір ғажап кезіңіз.

Жылап кешіп, соғыс салған өртеңді,  
Жүрегіңіз өкінішпен өртеңді.  
Жалғыз іні, жарым көңіл, жас бала,  
Үмітпенен күттіңіздер ертеңді.

Күттіңіздер қыз бен ұлды серік қып,  
Күн мен түнде ақ тілекке беріп құт.  
Тағдырменен тайталаста талмаған,  
Қандай ғажап өзіңдегі беріктік.

Ана болып қасиет пен заттықты,  
Сіздің жүрек көріп бәрін жаттықты.  
Бүгін – өже, кеше ғана жас – ана,  
Сүйген Айбол, Бақыт пенен Шаттықты.

\* \* \*

Бұл өмірде талай бейнет татқан ең,  
Мәңгі өмірде гүл-бәйшешек баққа ен.  
Жатқан жерің мақпал болсын, бауырым,  
Осылайша тілек еттім Аққа мен.

### ЕМШІЛЕР СӨЗІ

Отанның – адам байлығы,  
Қорғаны, айбат-айбыны.  
Сол байлық үшін керек-ақ,  
Дәрігер қолы,  
Қайрымы.

Атқарған оның жақсы ісі –  
Өмірдің өркен басқышы.  
Дейтіні халық сол үшін,  
Біздерді «саулық сақшысы».

Ел сенген біздер емшіміз,  
Денсаулық қорғау – еншіміз.  
Қараның,  
Ханның бөріне,  
Кезеңі келсе елшіміз.

Болып бар қыз бен ұлымыз,  
Етеміз мақтан мұны біз.  
Халқымыз берген қадірлеп,  
Ал бүгін мейрам күніміз.

Күнді осы шаттық қарсы ала,  
Дауыспен асқақ жар сала.

Отырып,  
«Құтты болсын!» – деп  
Тілеймін тілек баршаңа.

Тойымыз – тойға ұлассын,  
Жазылсын биге құлаш шын.  
Жүректер соқсын дүрсілдеп,  
Көңілдер біткен гүл ашсын.

Дәрігер үшін тақ-тұғыр,  
Бүгінгі осы шат ғұмыр.  
Жанұямызға күш әкеп,  
Төрлесін деймін Бақ-Қыдыр!

## ҰЛЫМА

Отыз деген – орда бұзар шағың бұл,  
Жанарыңнан ойнайтұғын жалын нұр.  
Азаматтық ақыл-ойың толысып,  
Атанар кез – ағайынға тәлімді ұл.

Бүгін, Қанат, сол белесте тұрсың сен,  
Құтты болсын, жайнай берсін жаның гүл.  
Дейді сені – «Алтын Орда тірегі»,  
Осы сөздің терең сырлы мәнін біл.

Дос-бауырды,  
Ағайынды әр кезде,  
Ықыласыңның шуағына малындыр.  
Пейілі кеңнен ат арып,  
Тон тозбайды,  
Табиғаттың тап осындай заңын біл.

Адамдықтың қасиетін қастерле,  
Өрдайым да  
Адалдықты – арың біл!  
Татулығың балдай болсын көппенен,  
Атан сөйтіп, абзал жігіт,  
Дарынды ұл.

Өмір бойы көрмегейсің жамандық,  
Тірліктегі тілейтұғын бағың бұл.  
Өркендерің өсе берсін ұзарып,  
Ұл мен қызың – ажар, көрік – өрің бұл.  
Ата-анаңның тілегі осы Алладан,  
Деп тілейтін әр уақытта қабыл қыл.

## МЕН – ҚАЗАҚПЫН

*(Толғау)*

Қазақтың дархан даласы,  
Бөкпеді қанша қандарға?!  
Егемен елдік жолында,  
Қанша ерлер өтті арманда!  
Жер-ана,  
Тау-тас,  
Ну орман  
Батты мұң,  
Қайғы-зарларға!  
Сағадан суы сарқылып,  
Суалып қанша қалды арна?!

Өзіміз жүрдік шылауда,  
Көзіміз жүрді жылауда.  
Басымыз жүрді бұғауда,  
Малымыз жүрді ылауда.  
Қисық көз,  
Көккөз,  
Түкті бет  
Салғандай құрық құланға.  
Бермеді мүрсат егемен,  
Ел болып басты құрауға.

Қазанның соғып дауылы,  
«Солардан, – деп ек, – құтылдық».  
Ақ патша тонын өзгерткен,  
Тағы бір торға тұтылдық.  
Сананың сазы бұзылып,  
Ақыл-ой күшін тұқырдық.

Аталар жолын мансұқтап,  
Жат жұрттың салтын тұтындық.  
Күнә мен зина,  
Маскүнем  
Дегендер болды «шүкірлік».  
Сонымен сөйтіп қазақта,  
Бүлінген еді бүтіндік.

Осының бәрі Желтоқсан,  
Желі боп соқты адуын!  
Бұлқынып жатқан бұла күш,  
Қақты да намыс дабылын.  
Алау боп жанды  
Халқымның  
Ұшқыны Намыс-Арының!  
Жетпіс жыл жүйке тоздырған,  
Аунады тақтан «алыбың!»  
Ата мен  
Бала арманы –  
Ұрпаққа болды тағылым!  
Ес жиып,  
Бүгін ел болып,  
Әлемді түгел таныдым.  
Алты құрлық аймағы  
Қазақтың білді дарынын!  
Ендеше қазақ дегендер  
Әлемге болды жаңа ұғым!

Мұхиттардан әрі асты,  
Әнұраны елімнің.  
Елтаңбам – жарық жұлдызы,  
Күні боп жанған көгімнің.  
Көк байрақпен көп елдің  
Ақордасынан көріндім!  
Қазақтың елдік теңгесі  
Күәсі – үлкен сенімнің!  
Ғарышқа қайтқан сайрандап,  
Еңбегі қанша ерімнің.  
Жат жұрттар жандай достасып,  
Қонағы болды төрімнің.

Қара алтын жатыр теңіздей  
Өтеуін беріп терімнің.  
Менделеев кестесі –  
Қазынасы туған жерімнің!

Әлем жұрты қазақтың,  
Батырын да таныды.  
Дархан дарын,  
Ақтангер  
Ақынын да таныды.  
Кең ойлайтын кемеңгер,  
Дарынын да таныды.  
Ғылым туын көтерген,  
Ғалымын да таныды.  
Сайыстардағы саңлақтар,  
Алыбын да таныды.  
Күн-күн сайын көркейген,  
Қауымын да таныды.  
Өркен жайған өнердің,  
Ағынын да таныды.

Менің Жерім – өзімнің  
Пейілімдей кең екен.  
Білім,  
Өнер,  
Еңбекте  
Бар елменен тең екен.  
Бұл – бүгінгі мерекем!

Жар саламын ғаламға:  
– Мен – егемен Қазақпын!  
Өз билігім – өзімде,  
Бар бұғаудан азатпын!  
Достарыма – Жұмақпын,  
Дұшпаныма – Тозақпын!  
Алдымызда тұр күтіп,  
Бізді Бақыт – Ғажап күн!  
Жасай берсін Бостандық,  
Жасай берсін Азат Күн!

## ТАРИХ – ДАНА

Тарих – дана,  
Беретін көп тағылым.  
Бетін ашсаң арта түсер танымың.  
Менің елім үш ғасырлық ғұмырда,  
Зар заманның татты қанша зәр-уын.

Пір тұтындық ақ патшаның залымын,  
Ұран еттік Төңкерістің дабылын.  
Сұрқияның соғып қанша сойылын,  
Тар кеудеден шықты қанша зар-үнім.

Білім өлді,  
Ғылым өлді,  
Ой өлді,  
Ит басынан іркіт кетті,  
Бай өлді.  
«Қызыл қырғын» аямады,  
Асты, атты  
Нәрестені,  
Асыл Ана – Әйелді.

Қазағымның дәстүрі өлді,  
Салты өлді.  
Салтымызға қатыгездік «шарты» енді,  
Сар даланы гүлдер емес,  
Шаң көмді.  
Жанұяға ән-жыр емес,  
Зар келді!

Қиямет боп жетпейтіндей қиялың,  
Іріп кетті ұйтқысы көп ұяның!  
Тұзақталды дінім,  
Ділім,  
Тілім де,  
Тұзақталды дана,  
Дарын – зиялым.

Қудық қанша «Тірі ұрмақтың» сағымын,  
Мойындамай шындықтың шын «шағымын».  
Жалғаншының мәлім болды жайы ақыр,  
Көрсетті уақыт асау өмір ағынын.

Егемендік деген туды жаңа ұғым,  
Арайы боп азаттық ақ таңының.  
Бабалардың асыл арман,  
Ақ жолы —  
Бойтұмарым,  
Ендігі үлкен қаруым!

Ауыр жолда келем, міне, шерулеп,  
Шаршайтұғын,  
Шалдығатын жерім көп.  
Не де болса ұлы мақсат үстінде,  
Қалмақ емен орта жолда ерулеп.

Келем әлі не сойқанмен бетпе-бет,  
Күншілдікпен күресемін жекпе-жек.  
Көп ұятсыз ұлтын сатар жауына,  
Мансап және  
Тәж бен таққа өкпелеп!

Ұлы жылан ұялаған ұртында,  
«Елін сүйген секілденіп «шын тұлға»,  
Арамзалар қадір тұтқан халқының  
Қазынасын құяр құрдым құлқынға!

Бәрі...  
Бәрі болары хақ осының,  
Жолдан қағар Егемен ел қосынын.  
Бірақ...  
Бірақ тоқтата алмас қарқынын,  
Ұлы мақсат жолындағы көшінің.

## АЛАШАПҚЫН

Ағайын-ау, алашапқын бұл неткен,  
Біреулер жүр алау-далау дүрмекпен.  
Қалталылар жұртқа салмақ салады,  
«Жарылқаймын» деп ертеңгі міндетпен.

Бір-екеуді қарап тұрсаң кандидат,  
Шапқылауда күндіз-түні жан қинап.  
Қыдыр қолдап, бақ қараса сабазың  
Депутаттық креслода шалқимақ.

Бірі мұның: «Мақсатым, – деп, – ең ізгі»,  
Шалқытпақшы қайрандаған теңізді.  
Бірі мүлдем Байқоңырды жаптырып  
Тастаймын, деп тілінен «бал» жегізді.

Бірі өзгертпек зейнеткерлік жасыңды,  
Домалатпақ өрге сөйтіп тасыңды.  
Егерде ол бола қойса депутат,  
Жаңалықпен ашпақ жаңа ғасырды.

Бірі бөлеп аналарды құрметке,  
Иландыра антын беріп жүр көпке.  
Барлық билік депутатта тұрғандай,  
Өзеурейді сеніміңе кірмекке.

Бірі қатал темір тәртіп орнатпақ,  
Суайттарды сүмірейтпек қармақтап.  
Парақордың,  
Сыбайласқан сұмдардың  
Әділ заңмен жолын кесіп, сорлатпақ.

Бірі тежеп доллар қуған нарықты,  
Азайтпақшы елден жияр салықты.  
Сөйтіп олар жарылқамақ ай сайын,  
Дөрігерді, мұғалімді, халықты.

Топ басында қалтасы ең қалыңдар,  
Дейді жұртқа: «Дауыс бер де – барымды ал».  
Ал тап ертең бола қалса депутат,  
Бұлар сізге көрсетпейді шаңын да.

Құдайым-ау, уәде көп әйтеуір,  
Депутат боп жасамақшы қайта өмір.  
Көрді ғой ел депутатты бұрын да,  
Сене қоймақ құрғақ сөзге қай көңіл.

Өз кезінде күттік үміт олардан,  
Сабаздарың төрт жыл бойы омалған.  
Орынынан қозғалмастан бас изеп,  
Үнсіз қайтып, ауылына оралған.

Көбі оның қара басын күйіттеп,  
«Бір тұғырға қонсам» дейді биіктеп.  
Ал сол кезде жолың түссе алдына,  
Қол қусырып,  
Басыңды тек иіп кет.

Өйткені, олар келген жандар кемелі,  
Болмаса да тынған ісі келелі.  
Тек қана, тек ел сенімін еншілеп,  
Бүгін сенің шалғайыңа енеді.

Лажы қайсы мұны бос сөз демеске,  
Кандидаттың ұқсар анты елеске.  
Қалады ертең мақсатына жетсе олар,  
Ұмыт болып, сенім артқан елі естен.

Бақа шіркін теңесем деп өгізге,  
Бас қойыпты шалқып жатқан теңізге.  
Ақырында өгізше су іше алмай,  
Жарылыпты, мас боп мақтау лебізге.

Кандидатым, кебін киіп бақаның,  
Тозып әбден қалмасын тек шапаның.  
Сенген елге бола алмасаң қамқоршы  
Қарғыс айтып,  
Төгеді ол қаһарын.

## БОСҚЫНДАР

Қырсық шалған қырық бірдің қысы еді,  
Қақап тұрған қаңтардың нақ іші еді.  
Әр жыл сайын Жеңіс күні жеткенде,  
Бір оқиға еске еріксіз түседі.

... Қылығы үшін жау жасағын қолдаған,  
Одақтың бұл ұлты атанып оңбаған.  
«Күн-Көсемнің» әмірімен жер ауып,  
Біздің елге келген кеше молдаван.

Жетім ауыл босқындарды қабылдап,  
Бөліскен-ді қолындағы барын нақ.  
Бүгін тағы күллі қазақ дүрлікті,  
Жеткен жедел қаңқу сөзден дауылдап.

Әлде ниет,  
Әлде ұнамай пиғылы.  
Әлде елге іс етпеді игілі.  
Әйтеуір, бір кәкірі үшін шешенді,  
Бостыруға шыққан көсем бұйрығы.

Олар-дағы қазақ жерін бетке алған,  
Өлкесі – кең,  
Жатқа мекен боп қалған.  
Сонау жылдар көріс келсе,  
Кеп-кеше  
Молдаван кеп енші үлескен жоқ-бардан.

Енді бүгін шешен келмек бұл елге,  
Мәңгі мекен етіп,  
Тұяқ тірерге.  
«Күн көсемі бүйте берсе,  
Қазақтың  
Сығарға бит,  
Иті қалмас үрерге!»

Бірақ мұны іште ғана түтін ғып,  
Тек тіледік басымызға бүтіндік.  
Бір ауыз сөз қапы айтылды дегенше,  
Деген дұрыс мәңгі торға тұтылды.

Есіткіш-ақ салпаңқұлақ,  
Сарқұлақ,  
Оңашада айтқан сөзді сандырақ.  
Бұл қазақтың қалқып алған қаймағын  
Сарқұлақтар салар ауыз аңдып-ақ...

«Есіткенді деген рас көз көрер»,  
Тағдыр шіркін әп-сәтте-ақ өзгерер.  
Көктем шыға жетті-ау бізге Дағыстан,  
Шешен, ингуш «туған жерден безген ел».

Бұл халыққа тіккен көсем қастерін,  
Бостырды тез бөліп қанша әскерін.  
Ұл – ұрымға,  
Қыз – қырымға адасып,  
Миллион көзден пайда бопты жас көлі.

Болса қатал патшасының әмірі,  
Естілер ме елдің қайғы,  
Зар үні!  
Қазақстан босқындарға ұя боп,  
Бұлармен де болып кетті аға-іні.

\* \* \*

... Алпыс түтін біздің жүдеу ауылға,  
Бұйрық бопты отыз түтін алуға.  
Айтты – бітті!  
Партия айтса, дәлел жоқ,  
Мейлің келіс,  
Мейлің оны ауырла.

Алғашқыда қалдық біздер үркісіп,  
Мыналардың шошындырып түр-түсі.  
Арасында аз уақыт өтпей-ақ,  
Болып кеттік қайғы-мұңы бір кісі.

Соғыс – зұлмат ауырлығын бөлістік,  
Бірге жаттық,

Бір қостан-ақ өрістік.  
 Құда болып араластық,  
 Достастық.  
 Қолымызда бар мен жоққа өбістік.

... Солай, достым!  
 Кезінде де қан майдан,  
 Ірге бердік босқын келсе шалғайдан.  
 Даламыздай кең пейілмен қанша елге,  
 Тең бөлгенбіз өтетінді таңдайдан.

Жүздеген ұлт мекен етсе өлкемді,  
 Қазақ елі болғаны ғой өркенді.  
 Бүгін тұрмыс тозағында жүрсем де,  
 Жәннаттай ғып елестетем ертеңді.

## СОҒЫС ЗҰЛМАТЫ

... Біздің ауыл еңсесін көтерген-ді енді-енді,  
 Өткен жылы үкімет мөлдек егер жер берді.  
 Елге өзен – «Майжарма» биыл ғана келген-ді,  
 Жарлы ауылдың тап солай Құдайы әбден берген-ді.

Тұра қалған мөлдегі,  
 Арпа-бидай керемет!  
 Тойынатын шығар ел осы биыл көбелеп!  
 Сонан болар қазірде қуанышты ел ерек,  
 Жұтаулы жұрт мәз болды, айтып-айтпай не керек?!

Сол мәз-мейрам күндердің мамыражай бірінде,  
 Шат көңілден күй қашып, сап тиылды күлу де.  
 Еліміздің батысы оқ пен оттан дірілдеп,  
 Ызы-қиқу айналды жылау-сықтау бір үнге.

... Монғол, қытай, жоңғарлар қан қақсатқан заманда,  
 Бабаларға бұйырды жорық жолы әман да.  
 Ата-баба қамынан,  
 Ақ арынан жаралған,  
 Ел шетіне жау тисе, қазақ қалыс қалар ма?

Ел тас-түйін,  
Жігіттер бес қаруды белге асты!  
Кетпен, орақ майданның қаруымен алмасты.  
Жас ару мен ата-ана тоя жұтып зәрді ащы,  
Маңдай терге ыстық жас жылға болып жалғасты.

Сол майданға біздің де ат төбелі ауылдан,  
Алпыстайын арыстар, азаматтар алынған.  
Көп ұзамай кей шаңырақ еді қара жамылған,  
Сөйтіп елдің біртіндеп, кең тынысы тарылған!

Екі үйдің біріне қағаз келіп қаралы,  
Жан біткеннің жәудіреп, жасқа толды жанары!  
Болып жатыр жас отау – жар жүрегі жаралы,  
Тағдыр өзі білмесе, кімнің қандай таланы?!

Қанша ауыр болса да жылау-сықтау бір-ақ түн,  
Ертесіне тіршілік,  
Үйде отырмақ жылап кім?  
Майдан үшін жан керек,  
Мықтысы осы сұрақтың.  
Жеңіс үшін бүгінгі, талабы осы уақыттың.

Бен Ладеннің бүлігін көріп бүгін,  
Бұл Ауған  
Ойда-жоқта ойран боп,  
Жас тыймады жылаудан.  
АҚШ деген алыпқа соқтығысқан ол бейбақ  
Бейкүнә жан қанымен бейбіт елді суарған.

Адуынды айқаста  
Яхуди мен мұсылман,  
Көрші елдердің арасы ыза-кекпен ұшынған.  
Израиль ықтырып,  
Пәкістанды алмақшы.  
Ақ жауындай селдетіп,  
Оқпен, отпен ұшырған.

Өрт тұтанды сонымен, өзен болар қан селі,  
Кім біліпті әлемнің жоғаларын қанша елі?!